

Қазақстан Республикасында бекіре балықтары түрлерінің уылдырығы саудасын ретке келтіру жөніндегі шаралар туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 493 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 23 тамыздағы № 825 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.08.2003 N 825 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бекіре балықтары түрлерінің уылдырығы саудасын реттеу, Қазақстан Республикасының аумағында оның заңсыз айналымын болдырмау мақсатында және "Қазақстан Республикасының Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға қосылуы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында бекіре балықтары түрлерінің уылдырығын ішкі және сыртқы рыноктарда сату үшін таңбалаудың бірыңғай жүйесі белгіленсін. < * >

Ескерту. Тақырыбы мен 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.12 N 757 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қазақстан Республикасында бекіре балықтары түрлерінің уылдырығын ішкі және сыртқы рыноктарда сату үшін таңбалау ережесін әзірлесін және бекітсін. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.07.12. N 757 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі